

Алғы сөз

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасын әзірлегендер:
доцент Нұрман Бахредден Ғабдылбақиұлы, аға оқытушы Қасымова Сәуле
Сүйіндіковна, доцент Матвеевкова Людмила Геннадьевна, аға оқытушы
Сиводедова Анастасия Васильевна

**Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының отырысында
талқыланды**

Хаттама № _____ «_____» _____ 2013 ж.

Каф. меңгерушісі _____ «_____» _____ 2013 ж.
С.Б.Балшикеев

**Сәулет және құрылыс институтының оқу-әдістемелік Кеңесімен
мақұлданды**

Хаттама № _____ «_____» _____ 2013 ж.

Төраға _____ «_____» _____ 2013 ж.

Кафедрамен келісілген _____
Кафедра меңгерушісі _____ «_____» _____ 2013 ж

Пәннің еңбек сыйымдылығы

Се- мес тр	Кредит тер саны/ ECTS кредит тері	Сабақтардың түрі				СӨЖ сабақта рының саны	Барлық сағат тар саны	Бақы лау түрі	
		Байланыс сағаттарының саны			СОӨЖ сабақта рының саны				Сағат тардың барлы ғы
		Дәріс тер	Семинар сабақтары	Лаб. сабақ тары					
2	2/3	15	15	-	30	60	30	90	Емти хан

Пәннің сипаттамасы

«Әлеуметтану» пәні жоғары оқу орындарында оқытылатын міндетті әлеуметтік-гуманитарлық пәндер қатарына және жалпы білім беретін пәндер циклына кіреді.

Пәннің мақсаты

Берілген пәнді зерделеудің мақсаты – студенттер болашақ маман ретінде айналасындағы әлеуметтік әлемді ғылыми тұрғыда тануға жол ашатын әлеуметтанулық ғылымның әдістемелері мен әдістерін, қажетті әлеуметтанулық білім көлемін алуды меңзейді.

Пәннің міндеттері

Пәннің міндеттері келесідей: әлеуметтану, әлеуметтік өзара әрекеттестікпен даму заңдылықтарының қызмет ету ерекшеліктері, әлеуметтік институттардың қызмет етуі мен дамуы, әлеуметтік құрылымы мен әлеуметтік қатынас ерекшеліктері жайлы, адамның әлеуметтік нақтылық пен өзара байланысқа түсуі және әлемдік қауымдастықтың даму тенденциялары туралы түсінік береді.

Берілген пәнді зерделеу нәтижесінде студенттердің

- қоғамды талдаудағы, әлеуметтік қауымдастық пен әлеуметтік топтардың пайда болу табиғатындағы, әлеуметтік процестердің түрлері мен бағыттарын талдаудағы әлеуметтанулық түсініктерден хабары болуы керек;
- әлеуметтік қозғалыстардың пайда болуы мен дамуының негізгі шарттары мен жіктелуін, әлеуметтік дамудың факторларын, әлеуметтік өзара әрекет формаларын біліп, оларды талдай алуы қажет;
- тұлға жөнінде, әлеуметтенудің формаларын, бағыттары мен ерекшеліктерін, әлеуметтік жүріс-тұрысты реттеудің негізгі заңдылықтары мен формаларын талдаудағы әлеуметтанулық түсініктерден ғылыми хабары болуы керек;
- практикалық дағдыларын иеленуі керек: әлеуметтанулық зерттеу жүргізудің әдістемесі мен әдістерін жетік білуі қажет.

Айрықша деректемелер

Берілген пәнді зерделеу үшін келесі пәндерді (бөлімдерді (тақырыптарды) көрсету арқылы) меңгеру қажет:

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
Дүние жүзі тарихы (мектеп курсы)	Қоғам дамуының негізгі кезеңдері: кезеңдердің сипаты
Қазақстан тарихы	Егемен Қазақстанның өзекті мәселелері
Құқық негіздері	Қазақстан Республикасы Конституциялық құқығының негіздері

Тұрақты деректемелер

«Әлеуметтану» пәнін зерделеу кезінде алынған білімдер «Саясаттану» пәнін меңгеру кезінде пайдаланылады.

Пәннің тақырыптық жоспары

Бөлімнің (тақырыптың) атауы	Пәннің еңбек сыйымдылығы, с.			
	дәріс	семинар	СОӨЖ	СӨЖ
1. Әлеуметтану әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде	2	2	2	2
2. Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары	2	4	4	4
3. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Әлеуметтік институттар мен әлеуметтік процестер	2	2	2	2
4. Әлеуметтік құрылым және әлеуметтік стратификация	2	2	2	2
5. Тұлғаның әлеуметтанулық сипаттамалары. Девиация және әлеуметтік бақылау	3	3	2	5
6. Нақты әлеуметтанулық зерттеу жүргізудің әдісі мен техникасы	3	2	6	6
7. Бұқаралық коммуникация әлеуметтануы	1		2	2
8. Мәдениет әлеуметтануы			2	2
9. Отбасы әлеуметтануы			2	2
10. Саяси әлеуметтану			2	1
11. Экономикалық әлеуметтану			2	1
12. Білім беру әлеуметтануы			2	1

БАРЛЫҒЫ:	15	15	30	30
-----------------	-----------	-----------	-----------	-----------

Практикалық (семинарлық) сабақтарының тізімі

1. Әлеуметтану әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде
2. Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары
3. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Әлеуметтік институттар мен әлеуметтік процестер
4. Әлеуметтік құрылым және әлеуметтік стратификация
5. Тұлғаның әлеуметтанулық сипаттамалары. Девиация және әлеуметтік бақылау
6. Нақты әлеуметтанулық зерттеу жүргізудің әдісі мен техникасы

Студенттің оқытушымен өздік жұмысының тақырыптық жоспары

СОӨЖ тақырыбының атауы	Сабақтың мақсаты	Сабақты өткізу түрі	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылатын әдебиеттер
1-тақырып. Әлеуметтану әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде	Әлеуметтанудың қоғам туралы ғылым ретінде ерекшелігін айқындау	сұхбат	тақырып бойынша сұрақтарды талқылау	[2,3,4,5,7,8]
2-тақырып. Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары	Негізгі әлеуметтанулық теорияларды игеру	Конспект дайындау	О.Конт, Г.Спенсер, К.Маркс, М.Вебер, Г.Зимел, Т.Парсонс, Д.Мид	[2,3,4,5,6,7,8]
3-тақырып. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде	Қоғамды зерттейтін негізгі келістермен танысу	Конспект дайындау	Функционалдық, әлеуметтік-детерминанттық келістердің принциптерін игеру	[1,2,3,5,6,7]
4-тақырып. Қоғамның әлеуметтік құрылымы	Әлеуметтік құрылым ұғымын және оның қоғам құруда тұрақты атқаратын рөлін түсіну	Әдебиеттер мен жұмыс	1. Орта тап мәселесі 2. Ұжымдық мобилділік және әлеуметтік аномия	[1,2,3,4,6,7]
5-тақырып. Тұлғаның әлеуметтанулық сипаттамалары	Тұлғаның әлеуметтенуі жайлы мәселелерді тереңірек игеру	Әдебиеттер мен жұмыс	Әлеуметтенудің факторлары, индивидтің әлеуметтік ортаға бейімделуі жайлы мәселені талдау	[3,5,6,8]
6-тақырып. Нақты әлеуметтанулық зерттеу жүргізудің әдісі мен техникасы	Әлеуметтанулық зерттеулердің әдіснамасы мен әдісі мен танысу	Әдебиеттер мен жұмыс – әлеуметтік зерттеулердің бағдарламасы	әлеуметтанулық әдіс-тәсілдерін колдана білу	[3,4,5,6,7]
7-тақырып. Бұқаралық коммуникация әлеуметтануы	Жаңа материалды игеру, практикалық дағдыларды қалыптастыру	Әдебиеттер мен жұмыс	әлеуметтанулық процедураларды колдана отырып қоғамдық пікірдің сипатын аша білу	[1,2,5,6,7,8]

8-тақырып. Мәдениет әлеуметтануы	Берілген тақырып бойынша білімді тереңдету	Әдебиеттер мен жұмыс	Реферат дайындау	[2,13,19,21,26]
9-тақырып. Отбасы әлеуметтануы	Отбасы әлеуметтануының зерделейтін мәселерін талдау	Әдебиеттер мен жұмыс	1. Отбасы және неке мәселесі 2. Некенің тарихи түрлері 3. Заманауи отбасы мәселесі	[3,6,28,34]
10-тақырып. Саяси әлеуметтануы	Әлеуметтану мен саясаттану арабайланысын түсіну	Әдебиеттер мен жұмыс	Саяси жүріс-тұрысты зерделейтін механизмдерін түсіну	[3,5,6,8]
11-тақырып. Экономикалық әлеуметтануы	Қоғамның білім беру әлеуметтануын зерттейтін мәселесін талдау	Әдебиеттер мен жұмыс	Реферат дайындау	[3,5,6,8]
12-тақырып. Білім беру әлеуметтануы	Қоғамның экономикалық Әлеуметтануын зерттейтін мәселесін талдау	Әдебиеттер мен жұмыс	Реферат дайындау	[3,5,6,8]

СӨЖ арналған бақылау жұмыстарының тақырыптамысы

1. Ұсынылған әдебиеттерді зерделей отырып анықтаңыз: әлеуметтанулық зерттеудегі теориялық және эмпирикалықтың арақатынасын.
2. О.Конт, Г.Спенсер, К.Маркс, Г.Зимел, Т.Парсонс - әлеуметтанулық көзқарастарын конспектілеу.
3. «Қоғам», «әлеуметтік қауым», «әлеуметтік ұйым», «әлеуметтік институт», «әлеуметтік процес» ұғымдарының мағынасын дәптерге түсіріңіз.
4. Сот, армия, заңдар, тұрғын, жұмыссыздық, халықаралық келісім, жағрафиялық жағдай, жер қойнауы, орман, ауқаттылық құбылыстарының сипатын анықтап дәптеріңізге түсіріңіз.
5. Стратификация ұғымын құрайтын – бедел, билік, байлық, табыс, білім және т.б. негізгі сипаттарын ашыңыз. Мысалды келтіріңіз.
6. «Әлеуметтік қабат», «әлеуметтік топ», «әлеуметтік тап», «әлеуметтік мәртебе» ұғымдарының мағынасын дәптерге түсіріңіз.
7. Ересек адамның өлшемдерін түсіне отырып эссе жазу: өзін тіршілік қаракетімен қамтымасыз ету; өзін-өзі қаражатпен иелендіру; өмір сүрудегі дербестік; ата-аналардан тәуелсіз өмір сүру.
8. «Адам», «индивид», «тұлға» ұғымдарының арақатынасын сөздіктер мен әдебиеттерден қарау.
9. Сөздікпен жұмыс: әлеуметтік нормалар, әлеуметтік санкциялар, әлеуметтік бақылау, девианты және делинквенттік мінез-құлық.
10. Қоршаған адамдардың арасындағы студенттің тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлығы талдана отырып, оның девиантты болып есептелетін әрекеттерін атап өту.
11. Әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламаны құрастыруы мен іріктеуді

калыптастыру бойынша әдебиеттерді зерделеу.

12. Әлеуметтанулық ақпаратты жинау әдістерінің қысқаша сипатын дәптерге түсіру.

13. «Ішкі саяси тұрақтылық пен қазақстандық қоғамның топтасуы (Қазақстан стратегиясы - 2030)» атты бөлімді конспектілеу.

Студенттердің білімдерін бағалау критерийлері

Емтихан бағасы көрсетілген кестеге сәйкес келіп, шекаралық бақылау (үлгерім) мен (40%), аттестация қорытындысы бойынша қойылатын – 60%, 100% -ға жетілумен анықталады.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдар	%-тік құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

«A» (өте жақсы) деген баға, студент семестр барысында пәннің барлық бағдарламалық сұрақтары бойынша өте жақсы білім көрсеткен, сонымен қатар, өздік жұмыс тақырыптары бойынша жиі аралық білімін тапсырған, оқылатын пән бойынша негізгі бағдарлама бойынша теориялық және қолданбалы сұрақтарды оқуда дербестік көрсете білген жағдайда қойылады.

«A-» (өте жақсы) деген баға негізгі заңдар мен процестерді, ұғымдарды, пәннің теориялық сұрақтарын жалпылауға қабілетін өте жақсы меңгеруін, аудиториялық және дербес жұмыс бойынша аралық тапсырмалардың жиі тапсырылуын болжайды.

«B+» (жақсы) деген баға, студент пәннің сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды көбінесе «өте жақсы» және кейбіреулерін «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«B» (жақсы) деген баға, студент, пәннің нақты тақырыбының негізгі мазмұнын ашатын сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды уақытында «өте жақсы» және «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«B-» (жақсы) деген баға студентке, егер ол аудиториялық қалай болса, дәл солай СӨЖ тақырыптары бойынша пәннің теориялық және қолданбалы сұрақтарына жақсы бағытталады, бірақ семестрде аралық тапсырмаларды

жиі тапсыратын және пән бойынша семестрлік тапсырмаларды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болған жағдайда қойылады.

«С+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С-» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша жалпы мағлұматтандырылған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және аудиториялық сабақтар мен СӨЖ бойынша білімі төмен, сондай-ақ, сабақтар босатқан жағдайда қойылады.

«F» (қанағаттанарлықсыз) деген баға студент, СӨЖ және сабақтардың түрлері бойынша теориялық және практикалық білімнің төмен деңгейіне де ие емес, сабақтарға жиі қатыспайтын және уақытында семестрлік тапсырмаларды тапсырмайтын жағдайда қойылады.

Аралық бақылау оқытудың 7-ші, 14-шы апталарында жүргізіледі және бақылаудың келесі түрлерінен шыға отырып, ұйымдастырылады:

Бақылаудың түрі	% -дық құрамы	Оқытудың академиялық кезеңі, апта															Барлығы%	
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15		
Сабаққа қатысушылық	0,3	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	5
Дәріс конспектілері	0,7		*		*		*		*		*		*		*		*	5
Семинардағы жұмыс	1,6	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	25
Тест бойынша	12,5							*							*		25	

Барлығы аттестат								30							30		60
Емтихан																	40
Барлығы																	100

Саясаты және рәсімдері

«Әлеуметтану» пәнін зерделеу кезінде келесі ережелерді сақтауды сұраймын:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақты орынды себепсіз босатпау, ауырған жағдайда – анықтаманы, басқа жағдайларда түсіндірме хатты ұсынуды сұраймын.
3. Студенттің міндеттеріне сабақтардың барлық түрлеріне қатысу кіреді
4. Оқу барысының күнтізбелік кестесіне сәйкес бақылаудың барлық түрлерін уақытында орындау.
5. Өткізілген семинар сабақтарын уақытында өтеу.
5. Оқытушы мен қаламдас әріптестеріне шыдамды, ашық қалтқысыз және тілектес болу.

Пәннің оқу-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілгендігі

Автордың аты-жөні, тегі	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің атауы	Баспасы, шыққан жылы	Даналар саны.	
			кітапханада	кафедрада
НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР				
Булатова А.Н. Исмагамбетова З.Н.	Курс лекций по социологии	Алматы: Данекер, 2002	11	1
Волков Ю.Г., Мостовая И.В., Добреньков В.И.	Социология: Учебник	М.: Гардарики, 2002	11	
Добреньков В.И., Кравченко А.И.	Социология: краткий курс	М.: ИНФРА-М, 2004.	5	
Кравченко А.И.	Социология: учебник для вузов	М.; СПб.; Нижний Новгород: Питер, 2003	5	2
Матвеевкова Л.Г. Аманжолова М.К.	Основы социологии: Учеб. пособие	Караганда: КарГТУ, 2004.	15	
Перов Г.О.	Социология: учеб. пособие	Ростов н/Д: Издат. центр "МарТ", 2002	10	
Радаев В.В.	Экономическая социология: курс лекций	М.: Аспект-пресс, 2000	11	
Радугин А.А., Радугин К.А.	Социология: Курс лекций	М.: Центр, 2003	20	1
	Социология: Учеб. пособие/ Под ред. А.Н. Елсукова	СПб.; Нижний Новгород: Питер, 2004	2	
	Социология для технических вузов: Учеб. пособие/ Под ред. С.Н. Яременко	Ростов н/Д: Феникс, 2001	12	
	Социология. Наука об обществе: Уч. пособие для вузов/под ред. В.П.	Харьков, 1996	2	2

	Андрущенко, Н.И.Горлача			
Елсуков А.Н.	Социология: учеб. пособие для вузов	Минск: Тетрасистемс, 2000	5	2
Лавриненко В.Н.	Социология: учебник	М.: Культура и спорт, юнити, 1998	2	1
Гадевоян Э.В.	Социология: учеб. пособие	М.: Знание, 1999	11	1
Фролов С.С.	Социология: учебник для вузов	М.: Гардарики, 2000	10	

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

Аитов Н.А.	Социальное развитие регионов	М.: Мысль, 1985	3	
Алексеев Н.И.	Экономический эксперимент: социальные аспекты	М.: Мысль, 1987	1	
Анурин В.Ф.	Динамическая социология: учебное пособие	М.: Академический Проект, 2003.	1	
Артемов Г.П.	Политическая социология: Учеб. пособие	М.: Логос, 2002.	3	
Артемов Г.П.	Политическая социология: Учеб. пособие	М.: Логос, 2003	1	
Арутюнян Ю.В.	Этносоциология: учеб. пособие для вузов	- М.: Аспект-пресс, 1999	1	
Афанасьев С.Л.	Будущее общество. Ведущие социально-экономические тенденции современности	М.: Изд-во МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2000	1	
Бабосов Е.М.	Прикладная социология: Учеб. пособие	Минск: ТетраСистемс, 2001	2	
Бестужев-Лада И.В.	Окно в будущее: современные проблемы социального прогнозирования	- М.: Мысль, 1970	2	
Бородкин Ф.М., Коряк Н.М.	Внимание: конфликт	Новосибирск: Наука, 1989	1	
Бутенко И.А.	Анкетный опрос как общение социолога с респондентами: учеб. пособие для вузов	М.: Высшая школа, 1989	1	

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындалу ұзақтылығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
Дәріс конспектілері	Жоспарға сәйкес тақырыптарды пысықтау	Жоспарға сәйкес әдебиеттерді оқып білу	Семестр бойынша 15 сағат көлемінде	Ағымдағы	2,4,6,8,10, 12,14 апта
Семинарда жұмыс жасау	Жоспарға сәйкес тақырыптарды пысықтау	Дәріс конспектілері, жоспарға сәйкес әдебиеттерді оқып білу	Семестр бойынша 15 сағат көлемінде	Ағымдағы	Апта сайын
СОӨЖ	Курс бойынша бағдарлама тапсырыстарын орындау, оқытушымен консультация	Дәріс конспектілері, тақырыпқа сәйкес әдебиеттерді оқып білу.	30 сағат көлемінде	Ағымдағы	Апта сайын
Тест бақылау	Білімді	Конспектілер,	1	Аралық	7, 14

	пысықтау	әдебиеттер	контактiлiк сағат		апта
Емтихан	Пән материалының меңгерiлу деңгейiн тексеру	Негiзгi және қосымша әдебиеттiң жалпы тiзiмi	0,2 контактiлiк сағаттар	Қорытынды	Сессия кезеңiнде

Өзiн өзi бақылауға арналған сұрақтар (тест тапсырмалары)

1. Социология бұл
2. Социологияның объектiсi
3. Азаматтық қоғам қай ғылымның пәнi екенiн тап
4. Социологияның басқа ғылымдарға қарағанда кештеу пайда болуының себебiн тап
5. Социология өз бетiнше дербес ғылым болып қалыптасты
6. Аталған ойшылдардың қайсысының еңбектерi социологияның шығуына едәуiр көмегiн тигiздi
7. Макросоциология пәнi
8. Социология пәнi
9. Конттың айтуынша социология ненi зерттеуге тиiстi
10. Социологияның зерттеу объектсi болып табылады
11. Әлеуметтiк жүйе – бұл
12. Қандай негiзгi жағдайлар мен принциптердi социологияның парадигмаларына жатқызуға болады
13. Қоғамдық өмiрдiң қай сферасы басқаларға қарағанда ертелеу зерттелдi
14. «Позитивтiк философия курсы» атты еңбектi кiм жазды
15. Социология тарихындағы алғашқы ойшыл
16. Социологиядағы алғашқы бағыт
17. «Социологияның жалпы теориясының мәселелерi», - деп аталатын еңбектiң авторы
18. Тұтас алғандағы қоғамның өзара байланыстарды қамтамасыз ететiн қызметiн байқау және зерттеу үшiн Р.Мертонның ұсынған методологиялық құралы
19. О. Конттың қай заңы әлеуметтiк дамудың теориясына айналды
20. Социологиядағы психологиялық бағыттың негiзiн қалаушы
21. Социологияның көрнектi өкiлдерiнiң қайсысы әлеуметтiк фактiлердi социологияның пәнi деп атайды
22. Қай неміс социологтiң пікірінше, социология – бұл әлеуметтiк мінез-құлық жайындағы ғылым, сол себебтi оны ұғуға ұмтылады
23. XIX ғасырға дейiн социология қай ғылымның шеңберiнде дамыды
24. Салалық социологияның қалыптасуы үшiн методологиялық базаны жасап шығарған американ социологы
25. Ауытқу мінез-құлқының әртүрлi типтерiн түсiндiретiн аномия концепциясын жасаған американ социологы
26. Микросоциологияның пәнi болып табылады
27. Социология атқарады
28. Социологиядағы ғылымилықтың классикалық типiн «Социологиялық әдiстердiң ережесi» деген еңбегiнде қалыптастырған француз социологы
29. О. Конттан кейiн iле-шала социология негiзiне эволюция идеясын қойған ағылшын философы , позитивист-социологы
30. Жеке ағза «нақтылық» , ал әлеуметтiк «дискреттiк» деп ұйғарушы, « Социологияның негiзделуi» еңбегiнiң авторы
31. Алғаш рет О.Конт социология деген сөздi қай жылы қолданды
32. Қандай негiзгi жағдайларды социологияның парадигмаларына жатқызуға болады
33. Қоғамдық өмiрдiң қай саласы басқалардан ертелеу зерттелдi
34. «Позитивтiк философия курсы» еңбегiн жазған
35. Тарихтағы алғашқы социолог
36. Алғашқы социологиялық шығарма
37. Р.Арон кiмдi социологиядағы философ және философиядағы социолог деп атады
38. Американдық ғалымдардың қайсысы өз қызметтерiмен «адамдар қатынастары» доктринасын қысқа, әрi дәл жеткiздi

39. Талаптар иерархиясы теориясын жасаған американдық социолог
40. Аталған қай неміс социологтарының пайымдауынша танымның басты құралы «идеалды типтер» болып шығады
41. «Қоғам және шаруашылық» еңбегінің авторын көрсет
42. Мына американдық ғалым дүниеде алғаш рет ЕҒҰ жүйесін жасады
43. Социологиядағы алғашқы бағыт
44. Социологиядағы әлеуметтік дарвинизм бағытының негізін салушы
45. Ресей социологиясының ерекшелігі неде
46. Ресейде қашан социологиялық институт мекемесі болды
47. Ресейдегі социологиялық институттың негізін қалаушы
48. Ресейдегі юридикалық мектеп концепциясының негізгі мазмұны неде
49. XX ғасырдағы Ресейлік социологияның ең көрнектісі кім болды
50. П.Сорокиннің философиялық және жалпы социологиялық көз қарастарының қайнар көзі